



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

26.03.2024 № 2-01-24-24238

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
Б.С. Ізмұхамбетовқа

«Сарайшық» коммуналдық  
базарын кері қайтаруға қатысты

### Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы!

Сіздің «Сарайшық» коммуналдық базарын (бұдан әрі – Базар) мемлекеттік меншікке қайтаруға қатысты хатыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

2021 жылғы 8 сәуірде Атырау қалалық қаржы бөлімі мен «Идеал Маркет» ЖШС (бұдан әрі – ЖШС) арасында Базарды сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған.

Аталған шартқа сәйкес сенімгерлік басқару мерзімі аяқталғаннан кейін (5 жыл) Базар ЖШС-ға тікелей сатылуға жатады.

«Тәуелсіз сараптамалық бағалау» ЖШС-ның (бұдан әрі – Серіктестік) қорытындысы бойынша Базардың 100% үлесінің бағалау құны 1 386 498 000 теңгені құрды (2020 жылғы 7 қазандағы жағдай бойынша).

Сондай-ақ, ЖШС резервтік электр желісін қалпына келтіру, өртке қарсы, санитарлық және өзге де нормаларды сақтау, «Сарайшық-Атырау» ЖШС-ның қарызын өтеу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын ұстау және реттеу бойынша міндеттемелерді өзіне алған (шартқа сәйкес).

Алайда, ЖШС-тың міндеттемелерді тиісті түрде орындамауына байланысты Бөлім шартты бұзу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Бірінші сатыдағы сот жауапкермен міндеттердің орындалғаны, шарт талаптарының едәуір дәрежеде бұзылмағаны туралы тұжырымға келген.

Кейіннен сот шешімімен келіспей Бөлім апелляциялық шағым берген және прокурор апелляциялық өтінішхат енгізген.

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, талап қою қанағаттандырылды.

Апелляциялық сатыдағы сот жауапкер тарапынан шартта көзделген мерзімде жұмыстардың жасалмағанын назарға алған.

**Анықтама ретінде:** ЖШС-тың айына үш рет мониторинг жүргізу арқылы азық-түлік тауарларының бағаларын ұстау және реттеу бойынша міндеттемелері орындалмаған.

Алайда, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 1 тамыздағы қаулысымен апелляциялық сатыдағы соттың қаулысының күші жойылып, бірінші сатыдағы соттың шешімі күшінде қалдырылды.

Жоғары Сот инстанциясы ЖШС-пен міндеттемелердің іс жүзінде орындалғаны туралы тұжырымға келген.

**Анықтама ретінде:** ЖШС өз міндеттемелерін сот процесі кезінде толық орындаған.

Сондықтан прокурорлық шаралар қабылдауға негіздер болмай тұр.

Өз кезегінде, а.ж. 14 наурызда Атырау облысының прокуратурасына Серіктестіктің бағалау есебінің заң талаптарына сәйкестігін зерделеу үшін тиісті тапсырма жолданды.

Нәтижелері бойынша мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру туралы шартты жасаудың заңдылығына баға берілетін болады.

Құрметпен,

**Қоғамдық мүдделерді  
қорғау қызметінің бастығы**

**М. Әбішев**

✉ С. Әділкенұлы

☎ 71-28-43